2024 жылғы қаңтар-желтоқсандағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімдерін өндіру көлемі 2024 жылғы қаңтар-желтоқсан кезеңінде 105,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен ***27,6%-ға*** жоғары. Қарастырылып отырған кезеңде саланың НКИ көрсеткіші **112,6%** құрады.

НКИ ұлғаюы тауарлардағы өндіріс көлемінің ұлғаюымен байланысты: өзге де жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (кереуеттер мен шкафтардан басқа) *41,5%*-ға; ағаштан жасалған кеңсе жиһазы *11,9%-ға* ұлғайды.

Жиһаз өнімдерін **тұтынудың ішкі нарығы** 2024 жылғы қаңтар-қараша айларында **596,6 млн. АҚШ** долларын құрады. 2024 жылғы қаңтар-қарашада отандық өндірістің үлесі **31,2%** құрады.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің **экспорт көлемі 2024 жылғы қаңтар-қарашада 15 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен **23%-ға** жоғары**.**

2024 жылғы қаңтар-қарашада жиһаз саласы экспортының тауар құрылымында негізгі көлем мынадай тауарларға тиесілі болды: өзге де металл жиһаз *(5 130,3 мың АҚШ доллары),* төсекке түрлендірілетін немесе түрлендірілмейтін отыруға арналған жиһаз және оның бөліктері *(1 228,2 мың АҚШ доллары),* басқа да ағаш жиһаз *(1 160,4 мың АҚШ доллары),* отыруға арналған өзге де жиһаз *(1 110,2 мың АҚШ доллары),* мекемелерде қолданылатын металл жиһаз *(1 073,5 мың АҚШ доллары),* пластмассадан жасалған жиһаз *(984,9 мың АҚШ доллары)* және т.б.

Жиһаз өнімдері экспортының көлемі Ресейге *(41,4% немесе 6 198,8 мың АҚШ доллары),* Өзбекстанға *(16,6% немесе 2 482,3 мың АҚШ доллары)*, Қырғызстанға *(14,9% немесе 2 223,1 мың АҚШ доллары)* және т.б. жіберілді.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің **импорты 2024 жылғы қаңтар-қараша** айларында **410,4 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен **19,9%-ға** жоғары.

Тауар құрылымында импортталатын жиһаз өнімдерінің ең көп көлемі мынадай тауарларға тиесілі: өзге де ағаш жиһаз *(80 177,4 мың АҚШ доллары),* өзге де металл жиһаз *(59 261,6 мың АҚШ доллары),* өзге де ағаш қаңқалы отыруға арналған жиһаз *(36 096,8 мың АҚШ доллары),* жатын бөлмесінің ағаш түріндегі жиһаз *(33 253 мың АҚШ доллары),* жиһаз, өзге де жиһаз және оның бөліктері *(24 952,1 мың АҚШ доллары)* және т.б.

Импортталатын жиһаз өнімдерінің негізгі көлемі Ресейден *(132,2 млн. АҚШ долларына немесе 32,2%-ға),* Қытайдан *(92 млн. АҚШ долларына немесе 22,4%-ға),* Түркиядан *(38 млн. АҚШ долларына немесе 9,4%-ға),* Беларусьтен *(34 млн. АҚШ долларына немесе 8,3%-ға),* Италиядан *(28 млн. АҚШ доллары немесе 6,8%).*


Аумақтық бөліністе жиһаз компаниялары елдің барлық өңірлерінде орналасқан. Бірақ еліміздің жиһаз өнімі көлемінің 24,4%-ы Алматы қаласында *(25,8 млрд. теңге)* өндірілетінін атап өту қажет.

QazIndustry

МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-декабрь 2024 г.

105,4
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для столовой и гостиной
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)

112,6%
ИФО

$15
МЛН



ЭКСПОРТ




РЫНОК

$410,4
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-ноябрь 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «Qazindustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz